

## Петропавл қаласы көшелерін және қысқа көшелерінің атын өзгерту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 1600 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 6 біріккен шешімдері. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 қаңтарда N 13-1-170 тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 2572-ХІІ Заңы 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес, қала тұрғындардың пікірін ескере отыра, Петропавл қаласы ономастика комиссиясының шешімі, түсіндірме хаты, экономикалық есептеулер негізінде, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Петропавл қалалық мәслихаты

**Ш Е Ш Т І :**

1. Қаланың келесі көшелері мен қысқа көшелерінің аты өзгертілсін:
  - 1) К. Либкнехт көшесі – Аяған Шәжімбаев атындағы көше;
  - 1-1) К. Либкнехт қысқа көшесі - Аяған Шәжімбаев атындағы қысқа көше;
  - 2) А. Пархоменко көшесі – Батыр Баян көшесі;
  - 3) Ф. Рузаев көшесі – Қаттай Кеншінбаев атындағы көше;
  - 4) 9-шы январь көшесі – Илья Залманов атындағы көше;
  - 4-1) 9-шы январь қысқа көшесі - Илья Залманов атындағы қысқа көше;
  - 4-2) 1-ші 9-шы январь қысқа көшесі – 1-ші Илья Залманов атындағы қысқа көше;
  - 4-3) 2-ші 9-шы январь қысқа көшесі – 2-ші Илья Залманов атындағы қысқа көше;
  - 5) Р. Люксембург көшесі – Василий Демиденко атындағы көше;
  - 5-1) Р. Люксембург қысқа көшесі - Василий Демиденко атындағы қысқа көше;
  - 6) П. Осипенко көшесі – «Егемен Қазақстан» көшесі;
  - 6-1) П. Осипенко қысқа көшесі - «Егемен Қазақстан» қысқа көшесі.
2. Осы қаулы және шешім бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

қаласының әкімі

сессиясының төрағасы

хатшысы

Р. Сыздықов

Петропавл

Н. Әшімбетов

Қалалық

мәслихат

С. Леонтьев

Қалалық

мәслихат

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК